

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1224 қаулысына қосымша

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Нарықтық экономикаға көшу жағдайларында жылу энергетикасы кәсіпорындарында кадрларды бекіту жөніндегі шаралар туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 10 қазандағы N 596 қаулысы.

2. "Басқа республикалар мен шет елдерден ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ниет білдірген жергілікті ұлт өкілдерін Қазақ ССР-іне көшірудің тәртібі және шарттары туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 қарашадағы N 711 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасында тұратын фашизмнің бұрынғы тұтқындарының құжаттарын қарау және оларға өтем төлеу жөнінде мемлекеттік білікті комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 шілдедегі N 768 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 28, 317-құжат).

4. "Халықтың көші-қоны мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 34 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 2, 18-құжат).

5. "Қазақстан Республикасының халқына біржолғы ақшалай өтем төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 қарашадағы N 1566 қаулысы .

6. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 28 шілдедегі N 246-ө өкімі .

7. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 3 қазандағы N 328-ө өкімі .

8. "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылуы жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 мамырдағы N 568 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 18, 196-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1755 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 590-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 9-тармағы.